

Нұр-Сұлтан қаласының аумағында карантиндік режимді енгізе отырып, карантинді аймақтарды белгілеу туралы

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 4 тамыздағы № 505-2632 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 4 тамызда № 23868 болып тіркелді.

"Өсімдіктер карантині туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-1-бабының 3) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабының 1-тармағына, "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Нұр-Сұлтан қаласы бойынша аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің 2021 жылғы 9 маусымдағы № 02-02/632 ұсынымына сәйкес Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Нұр-Сұлтан қаласының аумағында карантиндік режимді енгізе отырып, карантиндік аймақтар қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. "Нұр-Сұлтан қаласының Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Нұр-Сұлтан қаласының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялау үшін жіберуді;

3) осы қаулы оның ресми жарияланғаннан кейін Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Н.Қ. Солтамбековке жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім

А. Кульгинов

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасы Ауыл
шаруашылығы министрлігі
Агроөнеркәсіптік кешендегі
мемлекеттік инспекция комитетінің
Нұр-Сұлтан қаласы бойынша

Нұр-Сұлтан қаласының аумағында карантиндік режим енгізілген карантиндік аймақтар

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 06.04.2022 № 505-1014 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

№	Карантиндік аймақтардың орналасқан жері	Зақымданған алқап, гектар
Жатаған у кекіре		
1.	Теміржолдар (Нұр-Сұлтан қаласының теміржол вокзалы), М212 белгісі, 10-аудан	0,002
2.	Теміржолдар (Железнодорожный тұрғын алабы), 5-пикет, 2-жұп жолдың 501 километрі	0,003
Жатаған у кекіре бойынша барлығы		0,005
Арам сояулар		
3.	Жазушылар шағынгүлбағы ("Ақсу" қонақ үйі ауданы)	0,0014
4.	Қазақстан халқы Ассамблеясының бейбітшілік және келісім саяжолы	0,001
5.	Теміржолдар (Өндіріс тұрғын алабы), 8-пикет, 39-разъездге қарай 887-888 километр	0,005
6.	Теміржолдар (Нұр-Сұлтан қаласының теміржол вокзалы), 9-вагон депосы	0,5
7.	Райымбек батыр және Қ. Бекхожин көшелерінің қиылысы	0,001
8.	Теміржолдар ("Сороковая" бекеті, "Азия Ойл" жанар май құю станциясына жақын)	0,001
Арам сояулар бойынша барлығы		0,5094